

ӘОЖ 377.1

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУДА
МАТЕМАТИКАЛЫҚ МӘТІНІНІҢ РОЛІ**

**ТөлтебайПеризат
toltebay@mail.ru**

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Механика-математика факультетінің 2-курс магітранты
Саурбаева Балжан

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Механика-математика факультетінің 1-курс магітранты
Ғылыми жетекші – А.Сарсекеев

Қоданыстағы негізгі оқулықтарда математикалық ақпарат оқушылардың жас ерекшеліктері мен математикалық ақпаратты қабылдау мүмкіндіктерін ескермей берілуі оқушылардың математикалық білімдерінің, ал онымен бірге математикалық сауаттылығы

денгейінің көтерілуіне жағдай жасамайды. Осыған орай, оқулық мәтініндегі көрнекілік сапасын, оны математикалық мәтінмен ұтымды түрде сабактастыру мәселелері бірінші орынға шығып отыр.

Оқулықтың көрнекілік сапасын жоғарылатушы құралдардың бірі «Пиктографикалық және идеографикалық белгілер мен жүйелер».

Пиктографика - білімді белгілеудің мәтіндік қалпы (pictus –латын тілінен салынған, бейнеленген деп аударылады). Басылған мәтіндік хабарламада сыйбалардың болуы оның терең түсінүіне ықпал етеді. Тіпті сыйба астында келтірілген жазудың болуы немесе болмауы сыйбалық хабардың түсінү тереңдігіне айтарлықтай әсер етпейді.

Идеографика -білімді белгілеудің мәтіндік қалпы (idea - грек тілінде түсінік деп аударылады).

Оларға мыналар жатады: график, гистограмма, диаграмма, кесте, формула, номограмма.

Пиктографиялық көрсеткішпен салыстырғанда семантикалық ақпараттың идеографиялық түрі нысанның немесе оның тікелей қабылдаудан жасырылған фрагменттерінің қасиеттері мен өзгешеліктерін жеткізе алады.

График.

График деп, әдетте, өзара байланысты шамалардың мөлшерлік тәуелділігін білдіретін белгілі бір жолмен ұйымдастан ұнатылған нүктелер мен сзықтардың жиынтығы түсініледі.

Графиктер әр түрлі функционалдық тәуелділіктерді, соның ішінде көзben қадағалау мүмкін емес көріністерді көруге мүмкіндік береді. Координаталық тор графиктердің тиімділігін шамамен 30% -ға арттырады. Сыйбалар немесе диаграммалар арқылы бейнеленген суреттер нақты деректерге сәйкес болмауы мүмкін. Графиктері осьтердің біреуінің қате таңдалған масштабы (немесе осьтердің масштабарының қатынасы) кестелерде көрсетілген тәуелділіктер туралы жалған ақпараттың себебі болуы өте жиі кездеседі.

Гистограмма.

Гистограмма дискретті мәндер осьтердің бірінде немесе екеуінде де жасалғанда қолданылады.

Гистограммаларды семиотикалық талдау олардың ақпараттық мүмкіндіктері графиктерге қарағанда аз екенін көрсетеді. Мысалы, бағандардың үлкен саны бар гистограмманы құру қыын. Ондай гистограммалар, сонымен бірге, басты артықшылығын жоғалтады, яғни көрнекілігі жоғалып, қыын қабылданады.

Гистограмма тиімділігінің критерийіне сәйкес қыындықтарды ұлғайту ретінде келесідей бөлінеді: бағандық, полифакторлық, күрделі, дөңгелек.

Диаграмма.

Диаграмма әртүрлі шамалар арасындағы қатынасты анық көрсететін графикалық құрылым болып табылады. Әдетте, оларда шкалаларға бөлінген осьтер болмайды. Диаграммада әрбір шама тікелей сзықпен, геометриялық фигурамен (тіктөртбұрыш, шеңбер немесе күрделі геометриялық құрылым) көрсетіледі. Диаграммалар, семиотикалық талдау көрсеткендей,

ақпарат ұсыну түрінде гистограммалармен орындалатын барлық функцияларды орындаиды. Қабылдау уақытының ұлғайуы ретінде диаграммалардың типтері үшке бөлінеді: бағандық, жолақтық, дөңгелек. Тиімділік тұрғысынан кейбір артықшылығы - бейнеленген суреттердегі индексациясы бар диаграммалар. Индексациялы диаграммалардың, оқылуы мүмкіндігі максимальды болуы керек.

Кесте.

Кесте - графтар (бағандар) және жолдар бойынша жазылған сандық (кейде әріптер) деректер жинағы. Кестелер бір бағытты, қос бағытты және көп бағытты болып бөлінеді. Графиктің (гистограмма, диаграмма) немесе кестенің артықшылықтары мәселеңі даулы болып табылады. Графиктерде екі немесе одан да көп айнымалылардың арасындағы байланысты орната алуы мүмкіндігі оның артықшылығы болып табылады, ол цифрлерді сзызықтарға немесе блоктарға айналдыру арқылы, тым толық ақпарат беретін кестелерден гөрі көп нәтижелерді қамтуға мүмкіндік береді. Ақпараттың кестелік көрсетілуінің өте маңызды артықшылығы бар: ол тек фактілерді ғана қамтиды және одан басқа ештеңе жоқ.

Д.И.Менделеев кестелік әдіске жүргініп, периодты заңды тауып, сол кездегі белгілі химиялық элементтер арасындағы байланыс орнатқан, сонымен қатар, олардың ең маңызды сипаттамаларын көрсете отырып, жаңа элементтерді болжап берді.

Кестені оқу графиктерді оқумен салыстырғанда шамамен 2,5 есе көп уақыт алады. Графикті оқудағы салыстырмалы орташа қателік кестеден алғынған ақпаратты оқуға қарағанда шамамен 4 есе жоғары.

Формула.

Формула көбінесе сандармен немесе әріптермен (немесе екеуімен де) көрсетілген және математикалық белгілер және символдармен біріктірілген нақты жағдайларға белгілі бір жағдайларда қолданылатын ереженің, қарым-қатынастың, заңың, заттың құрылымдық схемасының және т.б. жалпы формализацияланған анықтамасы ретінде түсініледі.

Математикалық символикаларға көбінесе оның сөздік түсіндірмелері қосылады. Формула әмбебап болғандықтан, әдетте, кесте немесе номограммадан әлдеқайда көп ақпарат сыйымдылығына ие. Формуланың әмбебаптылығы, әрине, шексіз емес - оның қолдануылуының накты ауқымы бар.

Формула мен кестенің көрнекілігі дәрежесі шамамен бірдей, бірақ формуланың «айқындық» дәрежесі субъектінің математикалық дайындығы деңгейімен анықталады, ал кестедегі ақпаратты қабылдау үшін субъектіні дайындау талаптары әлдеқайда төмен. Эксперименттік деректер бойынша формуладағы айнымалылар санының 2-ден 4-ге дейін көбеюі қателіктер санын 2 еседен астамға көбейтеді; 4-тен 6-ға дейін - 6 еседен астам көбейтеді.

Формулаларды пайдалана отырып есептеулер кестелерді оқығаннан 20 есе көп уақыт алады. Формула - ақпаратты ұсынудың ең шоғырланған, аса сыйымды түрі.

Талапкерлердің математикалық сауаттылығы деңгейін анықтау тапсырмаларын құрастыруда оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескеру керек. Психологиялық тұрғыдан оқушылардың математикалық және басқа да ақпартаты қабылдау мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ертеден зерттеліп келеді.

Адамның қабылдау арналары кіріс ақпаратының жақсы менгерілуін қамтамасыз ететін бір сезім органына басым бағыт ретінде түсініледі. Әр адамның өзінің жеке бағдары бар

болатындығын ескеру керек. Біреуі материалды бір рет оқып менгерсе, ал екіншісі тақырып бойынша толық дәрісті тыңдауы қажет.

Визуалды арна. Көрнекі бейнелердің сипаттамаларына мән беру арқылы ақпараттың игерілуіне бағытталған. Қабылдаудың бұл арнасы үстемдік ететін адамдарда, мәтінді оқу арқылы ақпаратты менгеру қабілеті жоғары болады.

Аудиалды арна. Ол, негізінен, есту бейнелеріне көңіл бөлу арқылы ақпараттың игерілуіне бағытталған. Бұл қабылдау арнасы басым болатын адам, қажетті материалды тыңдау арқылы есте жақсы сақтайды.

Кинестетикалық арна. Негізінен физикалық сезімдерге негізделе отырып ақпаратты игеруге бағытталған.

Дигитикалық арна. Ол абстрактілі-логикалық бейнелер негізінде ақпараттың игерілуіне бағытталған. Дигитал барлық нәрселерде мағынаны іздейді, өзінің білімін «серелеп» жіктеуге бейім. Ол үшін белгілі бір әрекетті қандай мақсатпен орындағанын және оның салдарын білу өте маңызды.

Визуал үшін оқу материалын, математикалық ұғымдарды, анықтамаларды, процесстерді мұғалімнің түсіндірмесіндегі графиктермен, кестелермен, сыйбалармен, диаграммалармен, иллюстрациялармен, фотосуреттермен немесе білім беру фильмдерімен бір уақытта көретін болса, ақпараттың игерілуі нәтижелі болады. Ол көрген нәрсесін тез және тиімді еске алады.

Аудиалдар есте сақтау үшін жаңа материалды қатты дауыстап айтуы керек, оны талқылау керек. Баспа материалдарын аудиалдар нашар қабылдайды. Осындай оқушылар үшін мұғалім, мысалы, дыбыстық жазба дайындаі алады немесе бейне тізбегін дыбыспен сүйемелдей алады.

Кинестетик үшін қабылдаудың негізгі құралы - бұл дене, ал қабылдаудың басты тәсілі - бұл қозғалыс. Жаңаны түсіну үшін олар әрекетті өз қолдарымен қайталайды. Егер анықтамалық ақпарат берілген болса, онда кинестетик оны есте сақтау үшін оны өз қолымен жазуы керек. Сондыктан мұндай оқушыларға конспекті жазуды, жаңа ұғымдар мен анықтамаларды теріп жазуды ұсынуға болады. Егер әрекеттер тәртібі берілсе, онда олар келуі реті бойынша жасалуы керек. Мұндай оқушылар үшін нақты реттелген қадамдардың болуы маңызды. Олар үшін «жай әңгіме» мағынасыз. Математика мұғалімі мұндай оқушыларға басқа шешімдерді зерттеу тапсырмаларын немесе орындалуы реті бойынша тұра нұсқаулармен қамтамасыз етілген тапсырмаларды ұсынуы мүмкін. Кинестетик-оқушы үшін ұзақ уақыт тыңдап немесе қарап қана отыру қызы, әдетте, ол мұғалімнің әрекетін қайталай бастайды.

Дигитал үшін тапсырманың қарапайым мәлімдемесі емес, оның логикалық байланыстары, бір кезеңнен екіншісіне өтуі өте маңызды.

Елдегі қолданыстағы негізгі оқулықтардың мазмұны қаншалықты оқушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың математикалық ақпаратты қабылдау ерекшеліктері мен мүмкіндігіне сәйкес екенін анықтап көрейік. Айталақ, Шыныбековтың геометрия-9 [1] оқулығын алайық.

70-беттегі 1.198 есебі 9-сынып деңгейі емес, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген. Расында, бұған ұқсас есепті студенттерге арналған аналитикалық геометрия курсы бойынша құрастырылған есептер жинағынан табуға болады [2].

Осы жинақтағы №602 есептің шарты: $x + 2y - 11 = 0$ және $3x - 6y - 5 = 0$ түзулері арасындағы бұрыш биссектрисасының теңдеуін жаз. Биссектриса A(1,-3) нүктесі арқылы өтеді.

Байқағанымыздай, университеттің есебі жеңілдеу, өйткені біріншіден, мектеп оқулығындағы сияқты жалпы түрде емес, нақты коэффициенттерімен берілген, екіншіден, биссектрисасының нүктесі белгілі.

Сонымен қатар,

1) «Түзудің бағыттауыш векторы арқылы берілген теңдеуі», «нормаль векторы арқылы анықталған түзу теңдеуі», «нүктеден түзуге дейінгі қашықтық» - оқу бағдарламасында жоқ тақырыптар (ЖОО аналитикалық геометрия курсы). Математиканы тереңдетіп оқыту-

жоғары математика элементтерін қосуды емес, бағдарламалық материалды тереңдетіп оқытуды білдіреді;

2) Ақпарат мектеп оқушысы деңгейіне бейімделмеген;

3) Символдық ақпараттың көптігі мәтінді түсінуді қыннадатады;

4) Мәтіндегі ақпарат мөлшері (I) ондағы белгілер(символдар) саны(k) мен белгінің ақпараттың салмағаның(i) көбейтіндісіне тең ($I = k \cdot i$) формуласымен мәтіндегі ақпарат мөлшерін бағалайтын болсақ, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкесіздікті байқау қын емес. Айталақ, 64-беттегі мәтінде 43 сөз және 384 символ (математикалық белгілер) қолданылған, яғни оқытудың қолжетімділік қағидасы сақталмаған.

161 бетте дәл солай.

Математика сабактарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалім барлық сыйнып оқушыларының және әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескериу керек. Сондықтан, жаңа материалды түсіндіру сатысында ақпараттың қабылдау түрлерінде аталған айырмашылықтарды ескериу қажет. Бір сыйныпта оқушылар бір ақпаратты бір-бірінен өзгеше қабылдайды. Біреу үшін оқу материалының егжей-тегжейін түсіндіріп, әрбір қадамға тоқталу керек қажет болса, басқа біреуі үшін басты идеяны айту жеткілікті, содан кейін оны өз бетімен іске асыруға кіріседі.

Оқу технологиясына иелік ететін қазіргі заманғы мұғалім, қабылдаудың басым әдісіне негізделген ақпаратты қабылдаудың барлық түрлерін біріктіре қолдануы тиіс. Осылайша, егер мұғалім әрбір оқушының ақпарат қабылдау әдісі түрфысынан, жеке ерекшеліктерін есепке алса, онда нақты сабактың мақсатына ғана қол жеткізілмей, оқушы ақпараттың әр түрлі жолмен қабылдануын үйренеді. Бұл, өз кезегінде, математиканы оқытуда әрбір баланың математикалық сауаттылығының кілті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ә.Н. Шыныбеков, Д. Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра», 2019.-180 бет.
- 2 Сборник задач по алгебре и аналитической геометрии. Под редакцией А.С.Феденко. Минск, изд-во «Университетское», 1989.